Құрманғазы ауылдық округінің қоғамдастық жиналысының хаттамасы №1

Құрманғазы ауылы
круг әкімі аппаратының кеңсесі

26 қаңтар 2026 жыл
сағат 15:00

Қатысуға тиісті: қоғамдастық жиналысының мүшелері-10 адам
Қатысқандар-9 адам: Гумаров Жумакай, Темірғалиев Әлібек, Кулов Сагидолла, Аюпов Марат, Мұқышев Мерпайыз, Утегенов Болатбек, Ердешев Әдебиет, Утегенов Елемес, Құсайынов Ақынжан.

Жиналыс төрағасы-Ә.Темірғалиев
Жиналыс хатшысы-Б.Тулегенова

Күн тәртібінде:

1. **Көгалдандыру, көше жарығын жүргізу, елді мекеннің жылу құбырларын күтіп ұстау, қоқыс жәшіктерін жасау, көше жарығын күтіп ұстау, «Самаркин» елді мекеніндегі ауыз су құбырына ағымдағы жөндеу, гидранттарға ағымдағы жөндеу, терек қоршауын жасау, көшелердегі бақылау камераларын күтіп ұстау, сметалық құжаттар жасау жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей алу тәсілімен ұйымдастыру туралы.**

Хабарламашы: Құрманғазы ауылдық округінің әкімі-А.Муса.

Күн тәртібіне қойылып отырған мәселе бойынша, округ әкімі А.Муса:

Құрметті қоғамдастық мүшелері! Күн тәртібіндегі мәселе бойынша: Көгалдандыру, көше жарығын жүргізу, елді мекеннің жылу құбырларын күтіп ұстау, қоқыс жәшіктерін жасау, көше жарығын күтіп ұстау, «Самаркин» елді мекеніндегі ауыз су құбырына ағымдағы жөндеу, гидранттарға ағымдағы жөндеу, терек қоршауын жасау, көшелердегі бақылау камераларын күтіп ұстау, сметалық құжаттар жасау жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей алу тәсілімен ұйымдастыру қажеттігі туындап отыр. Себебі: жалпы конкурсқа берген жағдайда кез келген кәсіпкер түсіп, бағаны кемітіп, жұмысты сапасыз және мерзімінде орындамау фактылары орын алып отыр. Соған байланысты «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 16 бабының 3 тармағының 28 тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей алу тәсілімен ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Осы мәселеге байланысты ұсыныс, пікірлеріңізді ортаға салып, шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

Сөйлегендер:

Б.Утегенов: Жоғарыда аталған жұмыстардың уақытында және сапалы орындалуы өте маңызды, себебі: заң талабына сәйкес болса, халықтың қамын ойлайтын, жауапкершілігі бар жергілікті жеке кәсіпкермен тікелей келісім шартқа отырған дұрыс. Соның ішінде әсіресе «Самаркин» елді мекеніндегі ауыз су құбырына ағымдағы жөндеу, гидранттарға ағымдағы жөндеу жұмыстары маңызды рөль атқарады. Тұрғындар тарапынан қазіргі уақытта көтеріліп отырған ең өзекті мәселелердің бірі және бірегейі, ол ауыз су мәселесі. Сондықтан мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей алу тәсілімен ұйымдастыруды қолдаймын және қоғамдастық мүшелері де мені толықтай қолдайды деп есептеймін.

А.Құсайынов: Елді мекеннің жылу құбырларын күтіп ұстау, көшелердегі бақылау камераларын күтіп ұстау жұмыстары, көгалдандыру, көше жарығын жүргізу, тағы да басқа аталған жұмыстарды жүргізу үшін мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей алу тәсілімен ұйымдастыруды қолдаймын.

Сөйлеу тоқтатылып, күн тәртібіндегі мәселелер дауысқа салынды.

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша: Көгалдандыру, көше жарығын жүргізу, елді мекеннің жылу құбырларын күтіп ұстау, қоқыс жәшіктерін жасау, көше жарығын күтіп ұстау, «Самаркин» елді мекеніндегі ауыз су құбырына ағымдағы жөндеу, гидранттарға ағымдағы жөндеу, терек қоршауын жасау, көшелердегі бақылау камераларын күтіп ұстау, сметалық құжаттар жасау жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей алу тәсілімен ұйымдастырылсын деген ұсынысты жақтап-9, қарсы-0, қалыс-0.

Құрманғазы ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Көгалдандыру, көше жарығын жүргізу, елді мекеннің жылу құбырларын күтіп ұстау, қоқыс жәшіктерін жасау, көше жарығын күтіп ұстау, «Самаркин» елді мекеніндегі ауыз су құбырына ағымдағы жөндеу, гидранттарға ағымдағы жөндеу, терек қоршауын жасау, көшелердегі бақылау камераларын күтіп ұстау, сметалық құжаттар жасау жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей алу тәсілімен ұйымдастырылсын
2. Жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасы ауылдық округ әкіміне жолдансын.

Жиналыс төрағасы: **Ә.Темірғалиев**

Жиналыс хатшысы: **Б.Тулегенова**